

**2023 жылғы 27 қараша, дүйсенбі, шығыс белдеу уақыты бойынша 0:00-ге (UTC уақыты бойынша 5:00-ге) дейін ЖАРИЯЛАУҒА НЕМЕСЕ ТАРАТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН.**



ПРЕСС-РЕЛИЗ

## **Жаңа баяндамаға сәйкес, Орталық Азия мен Кавказ арқылы өтетін Орта дәліз аймақтағы сауда көлемін ұлғайту, байланысты нығайту және жеткізу тізбегінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді**

*Осы дәліз 2030 жылға қарай жол бойындағы сауда көлемін үш есеге арттыруға себепші бола алады.*

**АСТАНА, 2023 жыл, 27 қараша** — Тиісті саяси шаралар іске асырылған жағдайда, Орталық Азия және Кавказ арқылы өтетін, Қытай мен Еуропа нарықтарын байланыстыратын Орта дәліз аймақтық сауданы жандандырып, осы бағыт бойындағы мемлекеттердің байланысын жақсартта түседі. Сонымен қатар, Дүниежүзілік банктің бүгін жариялаған жаңа баяндамасына сәйкес, дәліз Қытай мен Еуропа арасындағы контейнерлік сауда бағыттарының тұрақтылығы мен әртараптандырылуын қамтамасыз ете алады, осылайша мемлекеттер мен жеткізу тізбектерін геосаяси күйзелістердің әсерінен қорғайды.

*«Орта сауда және көлік дәлізі: 2030 жылға қарай жүк тасымалының көлемін үш есе арттыру және жол жүру уақытын екі есе қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен инвестициялар»* баяндамасында Қазақстан, Әзірбайжан және Грузия үшін мультимодальды теміржол-теңіз көлік дәлізін маңызды және сенімді сауда бағытына айналдыратын бірінше кезекте орындалуы тиіс әрекеттер қарастырылған.

Баяндамада тиісті инвестициялар мен іс-шаралар жүргізе отырып, 2030 жылға қарай Орта дәліз бойындағы сауда көлемін үш есеге көбейтіп, жол жүру уақытын екі есе қысқартуға болатыны атап өтіледі. Бұл жергілікті және аймақтық экономиканың дамуына, сонымен қатар жұмыс орындарын құру, көмекші салаларға сұранысты ынталандыру және бизнесті тарту арқылы қалың бұқара топтарына оң әсерін тигізеді.

**Дүниежүзілік банктің Еуропа және Орталық Азия аймағы бойынша вице-президенті Антонелла Бассани:** *«Орта дәліз жай ғана тиімді жоба емес, соңғы деректер оның бойындағы мемлекеттер экономикасының негізгі тірегіне айналуы мүмкін екенін растайды, - деді. - Әзірбайжан, Грузия және Қазақстан басқа елдермен ынтымақтасып, осы дәліз бағдарламасын ілгерілетуде айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Дүниежүзілік банк жол бойындағы үкіметтер және басқа да көпжақты ұйымдармен бірлесіп отырып, Орта дәліздің дамуына қолдау көрсетуге дайын».*

Орта дәліздің маңыздылығы мен артықшылығы оның аймақ ішіндегі сауда дәлізі ретінде әкелетін пайдасынан көрінеді. Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан және Еуропа мемлекеттері арасындағы тауар айналымының ұлғаюы сұранысты арттырушы негізгі фактор болып отыр: оның ішінде, аймақшілік сауда 37 пайызға өсті, ал осы елдер мен Еуропалық одақ арасындағы сауда көлемі 28 пайызға артқан.

*«Дәл қазір Орта дәлізді одан сайын бәсекеге қабілетті етіп, өткізу қабілетін, тиімділігін арттыру және шығын көлемін азайту үшін қолайлы уақыт туып отыр, - деді Чарльз Кормье, Дүниежүзілік банктің Еуропа және Орталық Азия аймағындағы инфрақұрылым жөніндегі директоры. - Институционалдық және жедел шаралар арқылы қысқа мерзімді жоғары тиімділік пен орташа мерзімді инвестицияларды қамтамасыз ете отырып, Транскаспий дәлізінің жұмысын нығайтуға және әлеуетін белсендіруге болады».*

Баяндамада Қазақстан, Әзірбайжан және Грузиядағы көлік сұранысын қанағаттандыру және экономикалық дамуды қолдау үшін қажет негізгі стратегиялық іс-шаралар мен инвестициялар анықталған. Оларға мыналар жатады:

- Үзіліссіз жұмысты қамтамасыз ету үшін дәліз бойындағы барлық аймақтарға логистикалық шешімдер ұсыну.
- Көлік қозғалысындағы кедергілерді жою, деректер алмасу мен мультимодальды дәліз ерекшеліктерін ескеру мақсатында, әсіресе шекаралық өткелдердегі процестер мен процедураларды реформалау және жеңілдету.
- Жүк ағынын бақылау мүмкіндіктерін жақсарту және шекаралардағы кідірістер санын төмендету үшін цифрлық іс-шараларды үйлестіру. Бірыңғай және үйлесімді жүйе берілген дәліздегі процестер мен операциялардың цифрлық трансформациясын жеделдетуі мүмкін.
- Кемелердің қолжетімділігін шектейтін кедергілерді жоюға, сондай-ақ порт өнімділігін арттыруға баса назар аударып отырып, Каспий және Қара теңіз өткелдеріндегі тиімділікті арттыру.
- Инвестицияларға басымдық берудің бірыңғай жүйесін құру туралы келісім. Баяндамада қосымша бағалау және маңыздылығы бойынша реттеуді қажет ететін бірнеше инвестициялық мүмкіндіктер талқыланған.

**Байланыс:**

Вашингтонда: Зарина Нұрмұхамбетова [znurmukhambetova@worldbank.org](mailto:znurmukhambetova@worldbank.org)

Веб-сайт: [www.worldbank.org/eca](http://www.worldbank.org/eca)

Facebook: <http://www.facebook.com/worldbank/EuropeCentralAsia>

Twitter: <http://www.twitter.com/worldbankECA>

**Пресс-релиз**  
2024/ECA/043